
БІЛІМДІ ҰЛЫҚТАУ

Автор: Солих ибн Абдулла ибн Хамад аль-Усойми

Аударған: Умм Ахмад

Аса Қамқор ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Кіріспе.

Ұлықтаушы ұлықтайтын әрі тырысушы бет бұратын, Аллаға мақтау-мадақ болсын!

Жалғыз Алладан басқа құлшылық қылуға лайықты ешқандай тәңір жоқ екеніне, бізді ширктің тұзағынан құтқарып, жаһаннамның отынан аман алып қалатын шәһадамен куәлік етемін, және пайғамбарымыз Мухаммад Раббымыздың адамзатқа тура жолмен және мүшіріктер жек көрседе барлық діндерден үстем тұратын ақиқат дінімен жіберген, Алланың құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін. Бізге деген Алланың жолдауын толық жеткізіп аяғына дейін орындады. Және Алланың аманатын сақтап, бізге айқындап берді.

Оның шақыруымен анық құжаттар түзетілді, анық ашық түсіндіруімен күмәндар мен тартыстар кетті. Бізге анық, аппақ құжаттармен, оны талап етуші мен оған тырысушы, ешқашан бос қалып қайтарылмайтын нұрлы сүннетін мирас етті. Алланың оған, үйретіп үйреткен адамдарының санындай салауаты мен сәлемі болсын, және оның отбасы мен сахабаларына.

Ешқашанда білім құнды мирас болуынан тайған емес, ұрпақтан-ұрпаққа лайықтылар оған ілесуін тоқтатқан емес. Жоғары мінез-құлықпен, ізеттілікті талап етушілер үшін одан асқан маңызды нәрсе болмаған. Және одан басқа нәрсені қаламаған да. Одан басқа қалай болсын?! Өйткені тек сонымен ғана екі дүниенің бақыты мен жақсы өміріне қол жеткізілмек.

Ол болмыстың құрметі мен жердің асты-үстінің нұры, сақарғанның сұлулығы, көздің қуанышы. Оған жүрегі бұрылған кісі рахаттанады, онымен жүрген кісі олжаланады, оған бой ұсынған кісі аман қалады.

Егер ол сатылатын зат болса, ол үшін зор мал-мүлік құрбан болар еді. Ал егер көкке көтерілсе, ол үшін құрметті жандар артынан барар еді.

Ол – саудалардың ең табыстысы, мақтаныштың ең ардақтысы. Оның құндылығы ең жоғары, ал бұлағы ең мақтаулы. Бақытты адам – өз нәпсісі мен рухын соған құлшындырған жан. Ал сорлы адам – одан

тартынып әлде тартындырған, алыстап әлде алыстатқан жан. Оның мұрны білімнің жұпар иісінен бітелген. Бұл нағыз мақрұм құл.

Жетістік иесінің жүрегіне ілім кірер,
Еш күзетсіз, рұқсатсыз төрін көрер.
Сорлы болса, қайтарар оны ұтылумен,
Мақрұм қылма Раббым, одан айырумен!

Расында, жанды қуанышпен толықтыратын және көкейіңді ашып әрі оны нұрландыратын, мұсылмандардың жүрегіне тәтті боп, кәпірлер мен мұнафиқтардың тамағына шөңге болған нәрсе – адамдардың тәлім отырыстарына бет бұрулары мен соған апаратын тура жолды қайта-қайта іздеулері. Оның анық боямасыз дәлелі – білім дәрістерінің көбеюі мен оқу курстарының жиеленуі. Дәрістер орындалған, тізелер соған бүгілген, пайдалар күн нұрындай тараған, жандар соған құмартқан, ал ғұламалар ілімнің інжу тастарын шығара білген, шәкірттері болса сол ілімнің інжу тастарын моншақ қып тізе білген.

Расында, осындай мәртебелі жамағат пен үміттенілген қауымға жасалынатын жақсылықтардың бірі – оларға, білімге қол жеткізудің сырларын көрсету. Өйткені ілім, оларды үмітпен бірге үлкен жетістікке және қауіпсіз жағдайға жеткізеді. Әлбетте, бұндай жақсылық, бос пікірлердің сахарасында жоғалудан және нәпсі атаулының қараңғылығынан құтқаратын оларға деген мейірім.

Ей мұсылман, осы асылды амалға асыру мақсатында, білімнің ұлылығы турасындағы сөздер көркейтілді. Расында құлға берілетін ілімнің үлесі – оның ілімге деген жүрегіндегі құрметі мен ұлықтауына байланысты болмақ. Кімде-кімнің жүрегі ілімді ұлықтау мен қадірлеуге толған болса, онда ілімнің де қонатын жері сол болмақ. Ал жүрегінде оған деген құрметтің әлсіреуіне байланысты, құлға да берілетін ілімнің үлесі әлсіремек. Тіпті жүректердің ішінде сондай ілімнен, түк үлесі болмаған жүректер де кездеседі.

Кімде-кім ілімді ұлықтаса, ол оған өз нұрын шашпақ, және әр тармақтарынан өзінің елшілерін жібермек. Ол адам үшін, іліммен жүздесуден артық мұрат болмайды және ол турасында ойланудан артық ләззат болмайды. Дәл осыны ал-хафиз Әбу Мухаммад ад-Дарими

«Муснад аль-Жамиғ», атты кітабында «Ілім кітабы» деген бөлімін, ілімнің ұлылығы турасындағы баппен аяқтап, бейне бір бізге осы ойды меңзегендей болды.

Ілімді құрметтеп ұлықтауға көмектесетін бірден-бір нәрсе, ол ілімнің ұлылығының негіздерін білу, ол дегеніміз жүректегі ілімге деген құрметті орнықтыратын жалпы асылдар. Кімде-кім осылардан өзіне алатын болса, ілімді нағыз құрметтеп ұлықтаушы болады. Ал егер оларды жоғалтқан болса, онда өзі үшін жоғалтып, өз нәпсісіне бой ұсынған болады. Егер (ілім жолында) немқұрайлы болса, өзінен басқасын сөкпесін, байлаған – екі қолың, үрген – өз аузың демекші. Кім ілімді құрметтемесе, ілім оны да құрметтемейді.

Бір Алланың рұқсатымен, ілімді құрметтеп қастерлеуге көмектесетін, жиырма негіздерге тоқталамыз. Жағдайымыз әр негізге толық әрі терең кіруге мүмкіндік бермегені себепті, қысқа әрі нұсқа түрде жазуға тырысамыз. Өйткені әр негізді толық әрі терең шолу үшін ұзақ уақыт талап етіледі. Ал біздің мақсатымыз мәлімдеу және ескерту. Аз болса да пайдалы боп қалған сөз, көп айтылып, ұшып кеткеннен абзал емес пе.

Осы негіздерден өзіңе үлкен бір үлес ал! Сонда білім мен оның тармақтарынан болған бақшадан ағыл-тегіл сыбағаға ие боласың. Және жүректері бітеулі, рухтары әлсіреген қауымдардың сөзіне жүрегің бұрылудан сақ болсын! Өйткені олар бұндай хәлді тым шектен шығу әрі қанағатсыздықпен өз-өзінді әурелеу деп есептейді. Расында олармен бұл негіздердің арасында, есігі бар бір дуал орнатылды, оның ішінде мейірім ал сыртында азап бар.

Расында олардың бұл сөздеріне шарифатта растайтын бір дәлел де, өмірде орындалып жатқан айғақ та жоқ. Шындығында ол тек наданның үзірі мен әлсіздің сылтауы.

Алланың уаһийі соған дәлел болған, ал ең бірінші абзал қауым сонымен жүрген мәселеде қайдан шектен шығушылық пен әурешілік болсын?! Бұның ішіндегі әр негіздер Құранның анық аятымен әлде расталған сүннетпен әлде ең жақсы ғасыр ғұламаларының, асыл сөздерімен бекітілген.

Егер де сен бұның растығына сенген болсаң, тәжірибелі дүниесі мен барлық хабарларын ақылға салған болсаң, онда олардың көкіректерін керіп, айғайлап: *«Бұл адамдардың абзалдары, өткен үмметтің ахуалдары болатын. Жердегі топыраққа, көктегі жұлдызға жету қайда?!»*, - деген сөздеріне екпінің байқаусызда еріп, жалқаулықпен немқұрайлылықпен отырып қалмасын! Бірақ керсінше, кімде-кім олардың дәрежелеріне өз рухын итермелесе міндетті түрде оларға жетеді.

Болмасаңда олардай, тырысқайсың ұқсауға,

Жетістіктің нақ өзі, құрметтіге ұқсауда.

Осы негіздерге жүрегіңді куә ет, нақыл сөздері мен пікірлерін ой жиегінен өткіз, әр айтқан және меңзеген сөздерінен пайда ал! «Расында мағыналардың қазынасы ол – сөздердің құрамы»¹.



Бірінші негіз.

Білімнің ыдысын тазалау.

Расында ол – жүрек. Өйткені әр-бір талап етілген нәрсенің ыдысы болады. Ал білімнің ыдысы – ол жүрек. Ыдыстың ластығы – ішіндегі дүниені лайлап, оны өзгертеді. Ал жүректің қаншалықты тазалығына байланысты оған соншалықты білім кіреді. Жүрек тазарған сайын, оның ілімді қабылдауы да арта түседі. Жүректегі ілімнің мысалы, шамның ішіндегі шырақ секілді. Егер шынысы таза болса, шырағы нұрын кеңге шашады, ал егер шынысын ластық басса, шырақ нұрын қараңғылық басады.

Кімді-кім білімді иеленуді қаласа, ішкі дүниесін көріктесін, жүрегін нәжістерінен тазартсын. Өйткені ілім – ол аса құнды нәзік дүние, және ол тек мұнтаздай таза жүрекке ғана қонады.

Ал енді жүректі тазалау, ол екі үлкен асылға қайтады:

¹ Өйткені әдемі құрылған сөздерден әдемі мағына шығаруға болады.

Бірінші: Күмәннің нәжістерінен тазалау.

Екіншісі: Шаһуаттың нәжістерінен тазалау.

Жүректі тазалау, орны – ұлы істерден болғаны себепті, пайғамбарымыз да ﷺ ең алғашқы бұйрығында соған, яғни жүректі тазалауға бұйырылған еді. Алла Тағала «Муддасир» сүресінде¹, пайғамбарымызға ﷺ **(және киімінді тазала)**, деп бұйырған болатын. Бұл аяттағы «**киімінді**» сөзін кейбір ғалымдар «**ішінді**», деген сөзбен тәпсірлеген. Әлбетте бұл тәпсірлері жақсы әрі бұл мағынаның шыққан төркіні дұрыс.

Егер де сенің ластанған киіміңе, өзің секілді мақұлықтардың көзі түсуінен ұялсаң, онда іші өшпенділік пен пәлеге, күнәлар мен қателіктерге толы жүрегіңді, Алла Тағала көруден тіптен ұял!

Муслим ибн Хаджаж айтты: Амр ан-Нақид бізге жеткізді, оған Касир ибн Хишам жеткізген, оған Джафар ибн Бурқон жеткізген, Язид аль-Асомнан, Әбу Нурайрадан, пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Расында Алла сендердің түр-түстерің мен байлықтарыңа қарамайды, бірақ жүректерің мен амалдарыңа қарайды».**

Сақ болғайсың ішіндегі сырларыңнан,
Шықса егер, сыртқа олар масқаралар.

Кімде- кім жүрегін тазартса, онда барып білім қонады. Ал кім оның нәжістерін кетірмесе, білім оны тастап көшіп кетеді.

Егер сен жүрек тазалау мәселесінде, ілім талап етушілердің жағдайына назар аударатын болсаң, онда олардың бұл негізде үлкен ағаттық жібергенін көресің. Жүрегіне шәһуат пен күмәндар кіріп-шығып жатқан жігіттің білімге деген ұлықтауы қайдан болсын?! Жүрегін харам сүреттер шақырып, жаман сөздер қызықтырады. Іші толған жамандық, рахаттанатын дүниесі арамдық. Ішінде өшпенділік пен бұзықтық, көреалмаушылық пен қырсықтық, екіжүзділік пен алауыздық. Осындайлар білімге қалай жетсін! Олардың білімнен түк үлесі жоқ, ілімнің де оларға берері жоқ.

¹ Муддасир, 3.

Саһл ибн Абдулла айтқан: «Алланың жек көретін дүниесі бар жүрекке, нұрдың кіруі харам болады».



Екінші негіз.

Жүректегі ниеттің ықыласы.

Расында амалдардағы ықыластық – оның қабыл болуының бірден-бір негізі және амалдардың Аллаға жетуінің баспалдағы.

Алла Тағала айтты: **«Олар ғибадатты нағыз Аллаға шынайы ықыласпен ханиф болған түрде орындаулары ... үшін әмір етілген»** (Байина, 5).

Бухари мен Муслим өз сахих кітаптарында келтірген: Абдулла ибн Мәсләма бізге жеткізді, Малик бізге Яхья ибн Сағидтен, ол Мухаммад ибн Иброһимнен, ал ол Алқомадан, ал ол болса Омардан (Алла оларға разы болсын!) хабарлады: Алла елшісі ﷺ айтты: **«Расында амалдар ниетке байланысты және әркімге ниет еткені тиесілі»**.

Өткен салиқалы кісілердің барлығы, озған мәселелеріне және жеткен мұраттарына тек әлемдердің Раббысы Аллаға деген шынайы ықыластың себебімен ғана жеткен.

Әбу Бакр Маррұзий айтты: Әбу Абдулла Ахмад ибн Ханбалға бір жігіттің сөйлегенін естідім. Ол оған шыншылдық пен ықылас турасында айтқан болатын. Сонда Әбу Абдулла оған: **«Тек осымен ғана қауымдар (деңгейлері) көтерілген»**, – деп айтты.

Ықыласының деңгейіне байланысты, жігіт те білімге жетпек.

Ілім жолындағы ықылас төрт асылға құрылады. Үйренуші бұларды қадағаласа, білімдегі дұрыс ниетті меңгереді.

Біріншісі: Өзінен надандықты кетіру. Ол – өзіне жүктелген ғибадаттағы міндеттері мен шарифаттағы әмір мен тиымның талабына, өзін тоқтата білуді үйрену арқылы орындалады.

Екіншісі: Адамдардан надандықты кетіру. Ол – олардың дүниесі мен ақыретіне жақсылық болатын білімді үйретумен және соған көрсетумен болады.

Үшіншісі: Білімді тірілтіп, оны жоғалып, ұмыт боп кетуден сақтау.

Төртіншісі: Білімге амал келтіру.

Білім – ол тал, ал амал – оның жемісі. Білім тек қана амал үшін мақсатталады.

Расында, өткен сәләфтар (Алланың оларға мейірімі болсын), білім талап ету жолында, шынайы ықыластан айырылып қалудан қатты қорқатын еді. Сол үшін де, өздерін ықыластымын деп айтудан қысылатын. Әрине ол олардың ықыласты жүректерінде меңгермегені себепті емес еді.

Гишам ад-Дастәуаи айтады: *«Алланың атымен ант етейін! Мен, бір күн болсын, өзімді тек Бір Алланың жүзі үшін ғана, хадис үйренуге шықтым деп айта алмаймын».*

Имам Ахмад *«Ілімді Бір Алла үшін талап еттің бе»*, - деп сұралған болатын. Ол: *«Алланың жүзі үшін дейсің бе? Сирек..... Бірақ жүрегіме сүйікті болғаны үшін талап еттім»*, - деп жауап берген.

Кімде-кім ықыласын жоғалтса, одан көп ілім мен мол жақсылық кетеді.

Аманшылықты қалаған адамға, бұл асылды (ықыласты) әрдайым бағып жүру жүктеледі. Әрбір ісінде, үлкені мен кішісінде, жасырыны мен анығында.

Бұған қоса, оған ниетін әрдайым қатты қадағалап жүру керек болады.

Суфиан ас-Саури айтты: *«Ниетімнен артық, мен үшін ауыр болған нәрсені қадағалап баққан емеспін. Өйткені бұл мендегі ең қатты бір күйден бір күйге ауысатын нәрсе».*

Тіпті Суләйман аль-Һәшими айтқан: *«Мен бір уақытта, хадисті дұрыс ниетпен айтуым мүмкін. Кейін ортасына келгенімде, ниетімнің өзгергенін байқаймын. Сонда бір түйір хадис, бірнеше ниеттерге мұқтаж екен».*



Үшінші негіз.

Ынта жігерді білімге жинақтау.

Расында нәпсінің бытыраңқылығы білімге жинақталса, бірігіп үйлесімін табады. Ал егер де іліммен және басқасымен де шұғылданса, бытырауы мен шашылуы көбейеді. Мақсатқа жеткізетін жігердің жинақталуы үшін, үш нәрсені қадағалау қажет болады:

Біріншісі: Пайдалы нәрсеге тырысу. Қашан құлға пайдалы нәрседе тауфиқ берілсе, ол оған тырыса бастайды.

Екіншісі: Соған жетуде, Алладан көмек сұрау.

Алладан келмесе егер құлға көмек,

Өз-өзіңе сенудің несі керек.

Ақылың мен күшіңе сеніп қалсаң,

Ыжадаһатың өзіңе қарсы келет.

Үшіншісі: Мақсат-мұратына жету жолында, әлсіздік танытпау.

Осы үш амалдың бәріде, Муслим ибн Хаджж риуаят еткен хадисінде жиналған. Ол айтты: Бізге Әбу Бакр ибн Әбу Шәйбә және ибн Нумәйр айтты: Бізге Абдулла ибн Идрис, Рабиға ибн Османнан, ол Мухаммад ибн Яхья ибн Хиббаннан, ол Әбу Һурайрадан (Алла оларға разы болсын) пайғамбарымыздың ﷺ былай дегенін жеткізді: *«Саған пайда беретін нәрсеге ұмтыл да, Алладан көмек сұра, әрі әлсіздікке салынба»¹*.

Кімде-кім ынта-жігерінің білім талап етуге жинақталғанын қаласа, жүрегінде білімге деген құштарлықтың отын лаулатсын. Себебі ол, оған пайда береді. Тіпті осы дүние мен ақыреттегі барлық жақсылықтың бәрі, осы ілімнің жемісі боп табылады. Сондықтан да, сол істе Алладан көмек сұрап, ешнәрседе әлсіздік танытпасын. Сол кезде ғана, қалағанына және үміт еткен мұратына жетеді.

¹ Хадистің жалғасы: «...Егер де бір нәрсеге душар болсаң, “Егер мен былай істегенімде, былай болар еді”, - деп айтушы болма! Алайда: “Бұл Алланың тағдыры, әрі Ол қалағанын істеді”, - деп айт. Өйткені “Егер” шайтанға жол ашады».

Жунайд (Алланың оған мейірімі болсын) айтты: *«Ешкім, ешқашанда бір нәрсені шынайы тырысумен талап етіп, оған жетпей қалған емес. Тіпті барлығына жетпесе де, кей біріне міндетті түрде жетеді».*

Ризық – терлеумен, ал құр қалу – жалқаулықпен болады.

Еңбек қыл терлеп, аз уақытта қалағаның келе қалады.

Жігерлікпен тұр, ғапылдықтан оян! Егер де құл, жоғары ынта-жігермен ризықтанылса, оған барлық жақсылық атаулының есіктері ашылмақ, және қуаныш бір-бірімен жарыса келмек.

Ибн аль-Қоим (Алланың оған мейірімі болсын) өзінің «ал-Фауaid» атты кітабында айтты: *«Алаңсыздыққа толы қараңғы түнде, ынта-жігердің жарық жұлдызы туып, оған шынайы ниеттің айы ерсе, жүректің жерін Раббысының нұрымен жарқыратады».*

Егер кімде-кім өзінің ынтасын ішіп-жеумен, киінумен байласа, білімнің дәмін сезбейді де.

Білгейсің! Ілімге қол жеткізбес адам,

Киіну мен тағамдардан дәм татып.

Ілімнен үлес жинауға, бас қадам,

Тәтті ұйқының шырмауынан бас тартып.

Расында ынта-жігерді жоғарылатып, рухты көтеретін нәрсе – ол өткендердің өмірінен ғибрат алу. Олардың ынталары мен құлшыныстарымен танысу.

Әбу Абдулла Ахмад ибн Ханбал жас бала кезінде, кейбірде, таң намазынан бұрын ғалымдардың отырысына шықпақшы болады. Сол кезде анасы оны киімінен ұстап, оны аяғандықтан: *«Азан шақырған соң, немесе таң атқан соң»*, - дейтін.

Аль-Хотыйб аль-Бағдади «Сахих Бухари» кітабын басынан аяғына дейін Исмағил аль-Хириге үш отырыста оқып берген. Оның екі бөлігін екі түнде, мағриб намазынан таң намазына дейін, ал үшінші күні духаның уақытынан мағрибке дейін, сосын мағрибтен күн шыққанға дейін бітірген.

Аз-Захаби «Тарих ал-ислам», кітабында айтқан: «Бұл сондай іс, біздің заманымызда ондай амалды істей алатын адамды білмеймін».

Алла Әбу Абдуллаға мейірім етсін! Егер ол біздің заман иелерінің ынта-жігерлерін көрсе, не айтар еді?!

Абу Мухаммад ибн Ат-Таббән, білім талап етіп бастаған кезінде, түнімен сабақ оқитын. Анасы оған жаны ашып, түнімен кітап оқудан тиятын. Ал ол болса, анасы кеп тексергенде, май-шамды үлкен ыдыстың астына тығып, ұйықтап жатқандай кейіп танытатын, анасы өз жайына кеткен бойда, май-шамын шығарып білім алуын жалғастыратын.

«Фатхул маджид» кітабының авторы, Абдуррохман ибн Хасан Али шейхтің, Наджттегі кітапханаларының бірінде, жинақталған парақтардан мынандай сөзін көргенмін:

Асыққайсың салмақтықпен ілім іздеуге,

Сол үшін тұр, күндізін мен түнде де,

Сұрақ қойып, ізденумен хақты тап

Ал надандық, үлкен айып әр кезде.

Аяғын жерге нық басқан, ал ынтасы көкке самғаған жігіт бол! Денең жас, жігерің қартайған болмасын! Расында шыншылдың жігері ешқашанда қартаймайды!

Ханбали мәзһабы ғалымдарының бірі, өте алғыр, дана ғалым Әбул-Уәфа ибн Уқоил сексен жасында ақындықпен былай деген екен:

Қартаймады ниетім, шешімім, мінезім де,

Адалдығым, дінім мен құрметім де,

Тек шаштарым ауысты өз түсінен,

Шаш ағарсын, жігерім кеудіреген ше.



Төртінші негіз.

Ынта-жігерді Құран және сүннетті үйрену үшін жұмсау.

Расында барлық пайдалы ілімнің қайтар жері ол – Алланың және пайғамбарымыздың ﷺ сөздері. Ал басқа ілім түрлеріне келетін болсақ, олар, немесе бұл екеуіне жетуге көмекші болатын ілім түрлері, немесе бұған түк қатысы жоқ ілімдер, оларды білмеу адамға зиян емес.

Құран және сүннетке барлық ілімдер қайтады және бұл екеуімен пайғамбарымыз ﷺ бұйырылған болатын. Алла Тағала Құранда айтты: **«Сен, сондай өзіңе уаһи етілген Құранға жабыс. Сен шын мәнінде тура жолдасың»** (Зухруф, 43).

Ал Әбу Қосимге Құран және сүннеттен басқа бір нәрсе уаһи етілдіме!?

Кімде-кім білімін Құран және сүннет қылған болса, бидағатшы емес керсінше нағыз (сүннетке) еруші болады, әрі мол ілімге жетеді.

Ибн Масғуд айтты: *«Кімде-кім ілім қалаған болса, Құранға көңіл аударсын. Расында оның ішінде алғашқылар мен ақырғылардың ілімі бар».*

Масруқ былай деген: *«Қай мәселеде болмасын, пайғамбарымыздың ﷺ сахабаларына сұрақ қоятынбыз. Ал олардың ілімдері тек Құраннан болатын. Біздің ілімдеріміз болса, Құраннан аз еді».*

Ибн Аббастың өлеңдетіп айтатыны келген:

Негізінде барлық ілім Құранда,

Бірақ адам түсінігі әлсіреген одан да.

Ғияд аль-Яһсубийдің «Ильмағ» кітабында айтқан сөзі қандай керемет!

Білім – ол тек екі асылдан нұр алар,

Тек адасқан бұл екеуден құр қалар.

Ол әрине Алла сөзі Құран мен

Пайғамбардың сүннетінен құралар.

Ілім жолындағы ең үлкен ынта ол – Ибн аль-Қоим өзінің «Фауаид» кітабында айтқандай: *«Құран және сүннет ілімін талап ету. Және Алла Тағала мен пайғамбарымыз ﷺ турасында шарият қалағандай түсінікті, және шарияттың шеңберін белгілейтін үкімдер турасындағы ілімді талап ету».*

Нағыз осы – сәләфтардың ілімі еді. Оларға Алланың мейірімі болсын! Олардан кейін пайдасы жоқ сөздер көбейіп кетті. Сондықтан да сәләфтардың ілімі көп, ал кейінгілердің сөзі көп.

Хаммад ибн Зейд айтты: Әйюб ас-Сахтияниден сұрадым: ілім бүгінгі күнде көп пе әлде өткендердің уақытында көп пе? Ол айтты: *«Бүгінгі күнде сөз көп, ал өткен күнде ілім көп».*



Бесінші негіз.

Ілімге жеткізетін жолға түсу.

Әр талап етілген нәрсенің өз жолы болады. Кімді-кім сол талап еткенінің жолына тура түссе, түбінде соған кеп тоқтайды. Ал кім одан ауытқып кетсе, талап еткеніне жетпейді. Сол секілді ілімнің де өз жолы бар, кім одан қателессе, адасып, мақсатына жетпейді. Мүмкін көп тер төгіп, бірақ аз ғана пайда алар.

Зарнуджий «Тағлимуль-мутағаллим» кітабында айтады: *«Әр-бір кісі жолдан қателессе, адасады және мақсаты кішкентай әлде үлкен болсын, оған жетпейді».*

Ибн аль-Қойим «Фауаид», атты кітабында айтты: *«Тура жол және оның апаттары және мақсаты турасындағы надандық адамды көп терлеп аз ғана пайда алуға әкеп соқтырады».*

Осы тура жол турасында қысқа әрі нұсқа түрде «Таджуль-Арус», кітабының авторы, Мухаммад Муртадо ибн Мухаммад аз-Забидий өзінің «Альфиятус-Сәнәд», атты өлеңінде айтты:

Мақсатына жетпес ешкім, мың жыл уақыт артылсын
Сондықтан да алғайсың әр-бір пәннен жақсысын
Қамтитын әрі сүйенетін мәтін жатта ақыры,
Насихаттап, пайда берер жақсы ұстаз арқылы.

Білімге апаратын тура жол, екі іске құрылған. Кімде-кім сол екеуін алса, білімді ұлықтаушы болады. Өйткені ол, осы екеуімен білімді тиімді түрде талап еткен болады.

Біріншісі: Қамтитын, сүйенетін мәтін жаттау. Жаттау – білім жолында міндетті түрде талап етілетін нәрсе. Кімде-кім онсыз білімге жетем деп ойласа, мүмкін еместі талап еткен болады.

Сенімді жаттайтын нәрсе ол – қамтыған, сүйенуге тұратын мәтін болуы тиіс. Сол пән иелері мойындаған, сүйенетін кітап. Талап етуші белгісіз, танылмаған кітапты жаттап, танымалын, мойындалғанын тастап қоятын болса, еш пайда таппайды. Оның мысалы, тіл грамматикасында «Альфия аль-Асари» - ді жаттап, «Альфия ибн Малик» - ті тастап қойған кісі секілді.

Екіншісі: Оны насихаттап пайда беруші ұстаздан алу. Мәтіннің мағынасын түсіндіретін ұстазға асығу. Бірақ ол ұстаз, осы екі сипаттың иесі болу керек.

Бірінші сипат: Пайда беру. Ол дегеніміз – ілімнің шынайы иесі болуы, яғни адамдардың арасында білім талап етуші әрі ғалымдардың алдында отырып білім иесі боп танылған кісі болу керек. Сол ілім мәселесінде, өте күшті қабілетке ие болған адам.

Бұған дәлел Әбу Даудтің «Сунан», кітабында жазған хадисі: Бізге Зухайр ибн Харб және Осман ибн Әбу Шәйбә айтты: Бізге Жәрир Ағмаштан, ол Абдулла ибн Абдулладан, ол Сағид ибн Жубәйрдан, ол Ибн Аббастан (Алла оларға разы болсын), ол пайғамбарымыздан ﷺ айтты: **«Сендер естисіңдер, сендерден естиді және сендерден естігендерден естиді»**. Тізбегі мықты хадис.

Бұл хадис жалпылама айтылған, тек сол айтылған сахабаларға ғана қатысты емес. Бұл үмметте, кейінгілер бұрынғылардан алу – білімнің бірден-бір белгісі болуынан арылған емес.

Екінші сипат: Насихат. Ол екі мағынаны береді:

Біріншісі: Ұстаздың еруге лайықты болуы. Сипаты мен келбеті, сондай ақ көрсеткен жолы еруге тұрарлық жан болу керек.

Екіншісі: Ілім таратудың жолдарын білу. Шатыбий өзінің «Муафақот», кітабында келтіргендей, ілім тәрбиесіне сәйкес, шәкірттерін үретуді жақсы меңгерген, оларға не пайда беретінін не зиян келтіретінін білген кісі болуы керек.



Алтыншы негіз

Пән таңдауда мұқият болу және маңыздыларын алға тарту.

Расында, суреттің көркемдігі, оның әр-бір бөлігіне қарап, тамсану арқылы ұлғаяды және дәл солай әр бөліктерін байқамаудан, оның көркемдігі кетеді. Білім де дәл солай. Ілімнің әр-бір пәнін алып, олардан бір үлес алып қалса, ілім жолындағы иелігі кемелденеді.

Ибн аль-Джаузий «Сойдуль-Хотыр», кітабында айтты: *«Білімдерді жинақтау, мақтаулы нәрсе болып табылады».*

Барлық пәннен тырысқайсың үйренуге әр-бір қырларын.

Себебі бекзат кісі тырысар білуге әр-кез ғылым сырларын.

Және ұстаздарымыздың ұстазы болған Мухаммад ибн Маниғ «Иршад ат-Туляб», атты кітабында былай деген: *«Қадірлі кісіге ілім жолында, оған Құран мен сүннетті түсінуге көмектесетін қандай да болмасын білім түрін тастамағаны жөн. Әрине егер ол өз бойынан сол ілімді ала алатындай күш сезінсе. Өзі білмейтін ілім түрін айыптап және ол ілімнің иесін менсінбеуге болмайды. Расында бұл кемшілік әрі үлкен айып. Ақылды кісіге біліммен сөйлеп немесе сабырлықпен үндемегені жөн. Әйтпесе төменде келтірген кісілердің қатарынан болмақ».*

Өзі білмес ілімді сөккен Сәһл,
Әрине оған итерген оны жәһл¹.
Ойланса егер жек көрмес еді ілімді,
Бірақ әрине жәһілдікке көну сәһл².

Екі асылға сүйену арқылы ілім пәндеріне мұқияттық пайда береді.

Біріншісі: Ең маңыздысын алға тарту. Сондай, Раббысына құлшылық қылуда үйренушіге қажет болған пәндерді алға тарту. «Имам дар аль-хиджра», лауазымына ие болған, Малик ибн Анас ілім талап ету турасында сұралғанда, ол былай жауап берген болатын: *«Жақсы, өте керемет. Бірақ соның ішінде саған таңнан кеш батқанға дейін не қажет болатынын қара да, соған байлан»*.

Әбу Убайда Мағмар ибн аль-Мусанна айтты: *«Кім өзін маңызы жоқ нәрсемен шұғылдандырса, маңыздысына зиян келтіреді»*.

Маңыздысын таңдай біл бұл өмірде,
Ілім деген шексіз көп үңілгенге.
Мына өмір келіп кеткен қонақтай,
Немесе елес, шектірер көп кесірі де.

Екіншісі: Ілім жолының бастапқы кезеңінде, әр-бір пәннен қысқасын алуды мақсат ету. Барлық пәндерден пайдалы ілім алғаннан кейін, табиғатына жақын және шамасы жететін нәрседе ілімін тереңдете алады. Тіпті ол бір пән немесе одан да көп болса да.

Ал барлық пәнде соңына дейін оқып мұратына жету және оларды толық меңгеру – ол өте ұзақ уақыт өтуімен бір-екі кісіге ғана берілетін қасиет.

Осыдан кейін үйренуші, бір пәнді немесе оның қысқартылған мәтінін алуда өзінің шамасы келетіндей етіп бір-бірден немесе бәрін қосып оқиды. Ал бір-бірлеп оқу, білім талап етушілердің көбіне нағыз ыңғайлы боп есептеледі.

¹ Надандық, білімсіздік.

² Жеңіл, оңай.

Авторы белгісіз болған, Шингетти тұрғындарының өлең жолдары:

Меңгеруді ниет қылсаң бір пәнді,
Бітіргенше таста барлық мың пәнді.
Екі ғылым қосу әр-кез құпталмас,
Бір уақытта бірге егіз шығалмас.

Кімде-кім өз бойынан бәрін бірге алып оқуға шамасы келетіндігін байқаса бірге алсын. Онда оның жағдайы көпшіліктен ерекше болмақ.

Осы негізді бұзатын, көріп жүрген нәрселер: Білімнің түрлерін алудан тартыну. Және кейбір білім түрлеріне салғырттық таныту. Және оғаш нәрселерге қызығушылық танытып, пайдасы жоқ нәрсемен шұғылдану.

Имам Малик айтушы еді: *«Ілімнің жаманы – оғаш, ал жақсысы – адамдар бір-бірінен жеткізген анық, түсінікті нәрсе».*



Жетінші негіз.

Жастық-шақты пайдаланып білім алуға асығу.

Расында өмір ол – гүл. Немесе ол жоғарыға көтеретін жолға еріп жұпарын шашады, немесе солып өліп қалады. Расында, өмірдің гүлдей жайнаған кезеңі, Алланың Құранда¹ **«Жақсылықтарға жарысындар»** деген әміріне бойұсынған түрде, адамды ілім алуға қызықтырып, жалқаулық пен әлсіздікті тастауға, және жастық шақтың қуатын пайдаланып қалуға жетелейді.

Күндерінді пайдалан жастығыңда,
Ол күндер мәңгі емес шындығыңда.

Имам Ахмад айтты: *«Жастық шағымды жеңімде тұрып, түсіп қалған бір заттан басқаға ұқсата алмадым».*

¹ Бақара, 148.

Жастық шақта алынған білім – жүрекке тез кіріп, сіңуі мен байлануы мықты болады.

Хасан аль-Басрий айтты: *«Жастай алған білім – тасқа қашап жазғандай».*

Жастық шақта алынған ілім, таста қалған қашаудай мықты болып қалады. Кім жастық шағын пайдаланса, қалғанына жетеді және қартайған шағында, сол түнгі жүрістерін мақтайды.

Пайдалан күндеріңді жастығыңда,

Қуантар сені сол күндер қартайғанда.

Ал жастыққа ең зиян нәрсе, ол – созбалау мен ұзақ үміт. Соған түскен адам созбақтап, бос қиялдап, арман теңізіне кіріп жүреді әрі “келешек күндер істерден босайды, кедергі мен тосқауылдардан құтыламын” деп сеніп жүреді. Ал расында, болжамды жағдай – адамның жасы үлкейген сайын денесі қалжырап әрі күші әлсіреп, жұмыстары көбейіп, тосқауылдар артады.

Ешқашанда ұлы мақсатқа құр өкініп күрсінуге, үміттенуге, армандауға жетілмейді!

Өтіп кеткен жазмышыма жетпедім мен,

«Әттеген-ай», «егер де», «болса ғой» деген сөздеріммен.

Бұл айтқан сөздерімізден жасы үлкендер ілім алмайды деген түсінілмейді. Керсінше, пайғамбарымыздың ﷺ сахабалары, Бухари өзінің «Сахих», кітабында «Ілім кітабы» бабында келтіргендей, жасы ұлғайған кезде ғана ілім алып бастаған болатын. Аль-Мауарди «Адаб ад-дуния уад-дин», кітабында баяндағандай, жасы ұлғайған кісілерге, жұмыстары көбейгендіктен, кедергілер басымдалған соң, байланатын нәрселер көбейген соң, ілім талап ету қиындайды. Кімде-кім соларды өзінен кетіре алса, ілімге жетеді.

Расында осы секілді жағдайлар көптеген әйгілі ғалымдар тобының басынан өткен болатын. Жастары ұлғайған кезде ғана ілім алып бастап, ілімнен ұлы үлеске ие болған, оның ішінде Шәфий мазһабындағы Қоффаль атты ғалым да бар.



Баяулықты сақтап, бірте-бірте бірте-бірте ұстану дегеніміз, ол – әр-бір пәннің қысқартылған мәтіндерін жаттау және шархын өтуді бастау, және өзінің дәрежесі жетпеген, үлкен кітаптардан бас тарту арқылы болады.

Кімде-кім өзінің дәрежесі жетпеген үлкен кітаптарды мақсат қылса, өзінің дініне зиян келтірген болады. Білім жолында біркелкіліктен асу, білімді жоғалтуға алып келуі мүмкін. Бұл турасында өткен ғасырда өмір сүрген, Шамның Дамаск қаласының ғалымы Абдулькарим ар-Рифағидін айтқан керемет дана сөзі бар: *«Үлкендердің тағамы – кішілердің уы»*.

Рас айтты! Расында емшектегі бала қаншалықты дәмді әрі жақсы болғанына қарамастан үлкендердің тағамын жейтін болса, зиян мен кесел шегеді. Оның мысалы, үлкен кітаптардан өзінің әлсіздігіне қарамай үлкен мәселелерді алып, мазһабтардың әр-түрлі пікірлеріне бас сұғады. Сондай-ақ шарифатта келген мәселелер мен ақылға салатын нәрселерде ғалымдардың арасындағы пікір-таластарға араласады.



Тоғызыншы негіз.

Білім алу мен тарату жолында сабырлық таныту.

Әр-бір ұлы іске сабырлықсыз жету мүмкін емес. Үлкен дәрежеге жету жолында нәпсінің сүйенетін бірден-бір ұлы нәрсесі – өзін сабырлыққа, шыдамдыққа үйрету. Сондықтан да сабырлық пен шыдамдық, кейде иманның асылына жету үшін, кейде оның кәмілдігіне жету үшін бұйырылған амал болып есептеледі. Алла Тағала айтады: **﴿Әй иман келтіргендер! Сабырлы және шыдамды ... болындар﴾** (Әли Ғимран, 200).

Басқа аятта айтады: **﴿Таңертең, кешке Раббыларына, Оның дидарын қалап, жалбарынғандармен бірге өзінді сабырлыққа шақыр!﴾** (Кәһф, 28).

Бұл аяттың тәпсірі турасында Яхья ибн Әбу Касір айтты: *«Бұл фикһ ілімінің отырыстары»*

Ешкім ілімге сабырлықсыз жетпейді! Яхья ибн Касир тағы да айтты: *«Білімге ешкім дененің рахатымен жетпейді»*.

Сабырлықпен ғана надандықтың айыбынан шығуға болады. Аль-Асмағи айтты: *«Кімде-кім білім алудың бір сағатының қорлығына шыдамаса, өмір-бақи надандықтың қорлығында қалады».*

Сабырлықпен ғана ілімнің тәттілігі сезіледі. Кейбір сәләфтар айтқан: *«Кім білімнің ауыртпашылығына шыдамаса, білімнің тәттілігін сезбейді».*

Омартаның алдында, шағылу бар! Және тағы да айтқандай: *«Қиыншылықты көрмеген, қалағанына жетпейді».*

Ілімге сабыр қылудың екі түрі болады:

Біріншісі: Білімді талап етіп оны алып жүруде сабыр қылу. Жаттау, сабырлыққа мұқтаж. Түсіну, сабырлыққа мұқтаж. Ілім отырыстарына қатысу, сабырлыққа мұқтаж. Және ұстаздың ақысын сақтау да сабырлыққа мұқтаж.

Екіншісі: Ілімді таратуда, және білімге лайықты болған кісілерге жеткізуде сабырлық таныту. Үйренушілерге отырып дәріс беру, сабырлыққа мұқтаж. Оларға түсіндіру, сабырлыққа мұқтаж. Олардың қателіктерін көтеру, сабырлыққа мұқтаж.

Бұл екі білім жолындағы сабырлықтан тағы да жоғары сабыр түрі бар. Ол осы екі түрлі сабырлық таныту жолында, шыдамдылық танытып, соған бекем болу.

Мақсаттың әр-кез жетер қадамы бар,

Бірақ соған бекемдерің аз болар.

Кімде-кім сабырлықты ұстанса, туралыққа жетеді.

Мухаддис Әбу Яғлә аль-Мүсилией айтты:

Ұзақ күндер сабырлықтың тәжірибесі.

Болады оның соңында мақтаулы ісі.

Еңбек қылып тер төгіп сабыр қылып,

Жетпей қалған дегеніне болмас кісі.



Оныншы негіз.

Әдепті қадағалау.

Ибн аль-Қойим «Мадáридж ас-Сáликин», атты кітабында былай дейді: *«Жігіттің бақыты мен жетістігінің көрсеткіші – әдеп, және оның бақытсыздығы мен құруының көрсеткіші – оның аздығы. Осы дүние мен ақыреттің жақсылығын, дәл әдеп сияқты еш нәрсе алып келген емес, және де ол екеуінің жақсылығынан, дәл әдепсіздік сияқты еш нәрсе мақрұм қылған емес».*

Әдеп болмай мүмкін емес өсуің,

Болса дағы текті, ауқатты есімің.

Расында өзін білімнің әдебіне үйреткен және дәрістерінде, ұстазы мен достарына байланысты әдептілік сақтаған адам, білімге лайық болады.

Юсуф ибн Хусейн айтты: *«Әдеппен ғана ілімді ұғасың».*

Өйткені әдепті кісі ғана, білімге лайықты болып көрінеді де, білім оған өзінен аямай береді, ал әдепсізге білім өзін жоғалтқысы келмейді.

Аль-Букóғидың алдына бір жігіт кеп, одан оқығысы келді. Аль-Букóғи оған рұқсатын берді. Ал жігіт болса, аль-Букóғидың алдына кеп, молдасын құрып отырып алды. Сол кезде аль-Букóғи оны оқытудан бас тартып, былай деді: *«Сен талап етіп келген іліміңнен көрі, әдеп үйренуге мұқтажсырақсың».*

Осыған орай сәләфтар (Алланың оларға мейірімі болсын) ілім үйренуге қалай қатты мән берген болса, дәл солай әдеп үйренуге де қатты мән беретін болған.

Ибн Сириин айтты: *«Әдепті ілімді үйренгендей үйренетін еді».*

Тіпті кейбір қауымдар әдеп үйренуді, ілім үйренуден де алға қоятын. Малик ибн Әнас құрайыш руынан болған бір жас балаға былай депті: *«Иә бауырымның баласы! Ілім үйренбес бұрын, әдеп үйрен».*

Оған деген мұқтаждықтарын анық білдіретін еді. Махлад ибн Хусейн бір күні ибн Мубаракқа былай деген екен: *«Біз көп ілімнен бұрын, көп әдепке мұқтажсырақпыз».*

Олар әдепті өсиет етіп, соған бағыттайтын еді. Имам Мәлик айтты: *«Анам менің басыма сәлдемді кигізіп, былай дейтін: «Робіғаға бар, және оның білімінен бұрын әдебін үйрен».* Робиға, ол – ибн Әбу Абдуррохман, сол замандағы Мәдина қаласының фақих ғалымы.

Расында, осы заман білім талап етушілерінің, білімнен мақұрым боп жүргені, әдепті жоғалтқандықтары себепті. Біреулерді ұстаздарының алдында қисайып, сүйеніп отырған күйде көресің. Тіпті ұстазына қарай, аяғын созып қоятындар болады. Оның қасында дауысын көтеріп сөйлейді. Және ұялы телефонына жауап беріп отырады, немесе басқа тірліктермен айналысып отырады. Оларды ілімге жеткізетін қандай әдеп бар оларда?!

Ләйс ибн Сағд хадис иелерінен өзіне ұнамай қалғандай бір істі көріп қалып, былай деген екен: *«Мыналарың не? Сендер көп ілімнен бұрын, аз да болсын, әдепке мұқтажсырақсыңдар».*

Егер Ләйс осы заман ілім талап етушілердің жағдайларын көретін болса, не айтар еді?!



Он бірінші негіз.

Ілімді қаралайтын және адамның зиялылығын бұзатын барлық ерсі нәрселерден, ілімді қорғау.

Имам Шафии айтты: *«Кімде-кім ілімді қорғап сақтамаса, ілім де оны сақтамайды».*

Кімде-кім зиялылықты ластайтын нәрселерді істеп, оны бұзатын болса, ілімді кемсіткен болады. Оны ұлықтамай, ұятсыздыққа түскен болады. Солай жүре бере ілімнің аты одан толықтай кетуге алып келеді.

Уәһб ибн Мунаббих айтты: *«Ұятсыз ешқашанда даналардан болмайды».*

Төрт нәрсе бар білімнен мақұрым етер.

Еріншектік, зеріктік түбіңе жетер,

Адамдармен достыққа үйір болу,
Және арсыздық өзіңді сорлы етер.

Зиялылықты құрайтын нәрсе ол – ибн Тәймияның атасы¹, «аль-Мухаррар»-да айтқандай және оның сол сөзіне ибн Тәймияның өзі кей пәтуаларында еріп, анықтама береді ол – «Адамды көріктендіріп оны әрлейтін нәрселерді пайдаланып, оны ластап, қаралайтын нәрселерден аулақ болу».

Әбу Мухаммад Суфьян ибн Уейнаға айтқан екен: «Құранның барлық пайдаларын шығардың, соның ішінде зиялылық турасындағы пайда қайда?» Ол айтты: «Алланың мына сөзінде: **«Кешірім жолын ұстан және оларға жақсылықты әмір ет. Сондай-ақ надандардан бет бұр»** (Ағраф, 199), *Бұл аят зиялылық, жақсы әдеп және көркем мінез-құлық турасында айтылған».*

Білім етушіге ең қатты сақтау керек болған әдеп түрі: зиялылықпен және соған жеткізетін барлық сипаттармен сипатталу, және оны бұзатын барлық сипаттардан алыс болу.

Оның мысалы: Сақал қыру. Расында, Шафии мазһабынан болған Ибн Хаджар аль-Һайтами және Ханафи мазһабынан болған Ибн Абидин бұл істі, зиялылықты бұзатын амалдардан деп есептеген.

Немесе көшеде жалтақтап жан-жағына қарап жүру. Бұл амалды да бұрынғылардан болған Ибн Шиһаб аз-Зуһри мен Иброһим ан-Нахағи зиялылықты бұзатын амалдардан деп есептеген.

Немесе адамдардың отырысында, ешқандай қажетсіз және мұқтаждықсыз аяқты созып отыру. Бұл амалды бір топ ғалымдар зиялылықты бұзатын амалдардан деп есептеген. Оның ішінде Малики мазһабынан болған Әбу Бакір ат-Тортуший, Әбу Мухаммад ибн Қудама және Ханбали мазһабынан болған Әбуль-Уафа ибн Уқойль.

Немесе төмен, пасық, арсыз және ұятсыз адамдармен жолдас болу. Бұл амалды да бір топ ғалымдар зиялылықты бұзатын амалдардан деп есептеген. Оның ішінде Әбу Хамид аль-Ғозәли, Шафии мазһабынан

¹ Ол – Абу аль-Баракат, Маждуддин, Абдуссәләм ибн Абдулла ибн Тәймия. (1263-1328).

болған Әбу Бәкір ибн ат-Тойиб және Малики мазһабынан болған аль-Қодый Гияд аль-Яхсубий.

Немесе жас және кішкентай балалармен күресу. Бұл амалды Ибн аль-Һумám және Ханафи мазһабынан болған Ибн Нуджайм зиялылықты бұзатын амалдардан деп есептеген.

Кімде-кім білім иесі болып тұрып, зиялылықты бұзса, жалпы мен жекенің көзінде масқара болады. Сондай-ақ қиқымдай ғана ілімнен артығына жетпейді.



Он екінші негіз.

Білім жолында жақсы жолдас таңдау.

Адам табиғатынан қарым-қатынасқа мұқтаж. Оның жаратылысында дос тұту міндетті түрде қажетті нәрсе. Сондықтан да ілім талап етуші міндетті түрде, өзі секілді ілім іздеушілермен араласуға мұқтаж. Сондай, оның бұл араласуы оған ілімге жетуге және сол жолда ыждағаттық танытуға көмектесуі үшін.

Ілім жолындағы достық, егер ол пәле-зияннан аман болса, мақсатқа жету жолында өте пайдалы болып табылады.

Ұлы дәрежені мақсат қылған адам үшін, оған көмектесетін салиқалы жолдас таңдаудан басқасы жақсы болмайды. Өйткені досқа, досы әсер етеді.

Әбу Дәуд және ат-Тирмизи айтты: Бізге Ибн Башшар айтты: бізге Әбу Амир мен Әбу Дәуд айтты: бізге Зухәйр ибн Мухаммад айтты: маған Муса ибн Уәрдан айтты: Әбу Һурайрадан, пайғамбарымыз ﷺ былай деген: *«Адам досының дінінде, сол себептен әр-қайсың кімді дос тұтқанына қарасын».*

Роғиб аль-Асфһани айтты: *«Адамға қасындағы жолдасынан мінез-құлықтың жүгуы, тек оның сөзі мен амалы арқылы ғана болмайды, керсінше жәй ғана оған қарау арқылы да жүғып кете бермек».*

Ешқашан жолдас болма жалқауменен,
Игі кісі бұзылар топас дос таңдаумен.
Топастың досқа індеті тез болар ай,
Құмға қойып қызыл шоқты суытқандай.

Расында біреуді дос тұтуда оның артықшылығына қаралады, бірақ пайда немесе жәй ләззат алу үшін емес. Жалпы, достық қарым қатынас осы үш мақсатқа айналып кеп тіреледі: Олар, ұстаздарымыздың ұстазы Мухаммад аль-Ходыр ибн Хусейн «Росаилуль-Ислах», кітабында айтқандай: Артықшылық, пайдакүнемдік және ләззат алу себепті болмақ.

Сондықтан да өзіңе абзал досты жолдас қыл, өйткені сонымен сен ерекшеленесің.

Ибн Масғуд (Алланың оған ризашылығы болсын) айтты: *«Адамды досына қарап айырыңдар, себебі ол өзі секілді адаммен ғана дос болады».*

Егер де сен жанға жолдас таңдасаң,
Асыл текті, абыройлы жан болсын.
Төмен кісі, төмен шөптей андасаң,
Отын да емес, жеміс те емес әр-қашан.

Ибн Мәниғ «Иршадут-Туллаб», кітабында білім талап ететін кісіге мынандай өсиет айтады: *«Білім талап етуші, ақылсыз надандармен, ар-ұятсыз, жаман атағы шыққан, ақымақ надандармен араласудан сақ болсын! Өйткені олармен араласу адамның көп нәрседен айырылып, бақытсыз болуына себеп болады».*

Бұл сөз, дәл Суфьян ибн Уейнаның сөзі секілді: *«Расында мен өз шәкірттерімді отырыстарымда қасындағы ауыр жолдасы себепті, ұлы, пайдалы хадистен мақрұм етемін».*

Тіпті кейбір кезде білім талап етуші, қасындағы жолдасы себепті білімнен құр қалады. Сол себептен де үстеріне білімнің киімін киіп алған болса да, ондай сорттардан сақ бол! Өйткені олар, сені құртады, ал сен болсаң байқамай да қаласың.



Он үшінші негіз.

Ілімді жаттауда, оны талқылап үйренуде және ілім жайлы сұрақтар қоюда күш салу.

Расында ғалымдардан ілімді жаттамай, талқыламай, ол турасында сұрастырмай құр тыңдап қою, еш пайда бермейді. Бұлар білім талап етушінің жүрегіне ілімге толық мән беріп, онымен толық шұғылдандыратындай, ұлықтауды бекітеді. Жаттау ол – өз-өзіңмен оңаша қалу, талқылау – досыңмен отыру, ал сұрақ қою – ғалымға бет бұру болып есептеледі.

Жаттаумен білім жүрекке сіңеді. Ибн Джаузи «Сойдуль-Хотыр», кітабында айтқандай, білім талап етушінің көп тырысушылығы жаттау мен қайталауға жұмсалуды тиіс.

Үлкен-үлкен, танымал ғалымдар білімді жаттауға қызықтыруларын және оған бұйыруларын ешқашанда қойған емес.

Убайдулла ибн аль-Хасан айтты: *«Ілімнің тез есіме түсуінің пайдасын, тіліммен шайнап, жүрегіме меңгерген ілімдерімнен көрдім».*

Ұстазымыз Ибн Усейминның былай деп айтқанын естігенмін: *«Аз жаттадық, көп оқыдық, бірақ көп оқыған ілімдерімізден көрі аз жаттаған ілімдерімізден көбірек пайда алдық».*

Білім қоржын қоршаған нәрсе емес, білім – кеуде қоршаған нәрсе.

Білім іздеуші жаттауға әр-дайым мұқтаж. Өзін жаттаудан бос қалдырып қойғаны жақсы емес. Егер де ибн аль-Фурот жасай алған істі жасай алса, жасасын! Ол күн сайын таң атқанда, аз болса да ілімнен бір нәрсе жаттауды қалдырмайтын. Кімде-кім осыны түсініп, амалға асырса, жаттау қабілеті арта түсіп, өле-өлгенше одан кетпейді. Осыған мысал «Альфия» кітабының авторы, ибн Малик. Ол өлер күні бес жыр жаттап алған болатын.

Талқылаумен ғана жүректегі ілімнің өмірі жалғасып, оған деген байланыс күшейеді. Талқылаудың бұл жердегі мағынасы ол жолдастармен бірге, дәрістер турасында сөз алмастыру.

Ілімдердің жеңілі болған Құранмен әрдайым бірге болып, оны күзетіп жүрегімізде ұстап жүруге бұйырылған едік.

Аль-Бухари айтты: бізге Абдулла ибн Юсуф айтты: Малик бізге Нафиғтен, ол ибн Омардан, пайғамбарымыздың ﷺ былай айтқанын хабарлады: *«Расында Құран иесінің мысалы, байлаулы тұрған түйе иесінің мысалы секілді. Егер ол оны қарап, күзетіп жүретін болса, ол оны өзінде ұстап қалады, ал егер жіберіп қойса, ол кетіп қалады»*. Және Муслим Маликтен осыған ұқсасын риуаят етті.

Ибн Абдуль-Барр «Тамһид», атты кітабында, бұл хадиске байланысты былай деген болатын: *«Егер жеңілдетілген Құранның мысалы, кімде-кім күзетіп, қарап жүрсе ұстап қалатындай, байлаулы тұрған түйе секілді болса, онда қалған ілімдер турасында не айтпақшысың?!»*.

Аз-Зухри айтушы еді: *«Расында ілімді, ұмыту мен талқыламау кетіреді»*.

Сұрақ қоюмен ілімнің қазынасы ашылады. Аз-Зухри айтты: *«Расында бұл ілім – қазыналар. Ал оны ашатын – сұрақтар»*.

Жақсы сұрақ – ілімнің жартысы, ал арнайы жазылған сұрақ-жауаптар ол – сұрақтардың пайдасының ұлы екеніне үлкен дәлел. Оған мысал имам Ахмадтың мәселелер кітабы.

Бір елге келген ғалымның алдына кеп сұрақ қоюшылар аз болса, сол – елдің ілім деңгейін көрсетеді. Суфьян ас-Саури, Асқолан еліне келіп, онда үш күн болады. Ал оған ешкім сұрақтарымен келмейді. Сонда Суфьян өзінің жолдастарынан болған, Рууад ибн аль-Джаррохқа былай деген екен: *«Маған (жолсерік әлде аяқ артар жануар) жалда, бұл елден кетемін. Өйткені бұл ел – ілім өлген жер»*.

Кімде-кім ғалымды кездестірсе, онымен кездесуін, түсінбеген немесе білуге мұқтаж болған сұрақтарын қоюмен пайдаланып қалсын. Керсінше арандататын немесе тексеретін сұрақтармен емес.

Ілімдегі бұл үш нәрсенің мағынасы: ол отырғызылған жас ағаш, және оның күшін сақтап әрі апаттан қорғап қалу мақсатында, оны суару және оны өсірудің жағдайындай. Сол сияқты жаттау ол – ілімді

отырғызу, ал талқылау ол – ілімді суару, ал сұрақ қою – оны өсіру болып табылады.



Он төртінші негіз.

Ілім иелерін құрметтеп қастерлеу.

Расында ғұламалардың артықшылықтары ұлы, мансаптары құрметті мансап. Өйткені олар рухтардың әкелері боп табылады. Ата-ана тәннің әкесі болғаны секілді, ғалым жанның әкесі. Убәй ибн Кағбтің (Алла оған риза болсын) қирағаты бойынша: **«Пайғамбар мүміндерге өздерінен артық және ол олардың әкесі»** (Ахзаб, 6). Бұл қирағаттағы айтылып жатқан әке, туған әке емес екеніне ғалымдар бір ауыздан келіскен. Керсінше бұл діни және рухани әкелік. Сондықтан да мұғалімдердің абзалдылығын мойындау, уәжіп болған құқық.

Шуғба ибн аль-Хаджадж айтты: *«Бір ауыз хадис естіген барлық адамдарыма мен құлмын».*

Осындай мағынаны Құраннан Мухаммад ибн Али аль-Удфуи шығарған еді. Ол айтты: *«Егер адам бір ғалымнан ілім алып, одан көп пайда алған болса, ол оның құлы болып табылады. Алла Тағала Құранда айтады: «Сол кезде Муса қызметшісіне айтты...»* (Кәһф, 60). *Ол қызметші – Юшағ ибн Нун болатын. Ол Мусаның меншігіндегі құлы емес еді. Керсінше оған еруші әрі шәкірті еді. Міне, сол себептен де Алла оны қызметшісі деп атады».*

Шарифатымыз ғалымдарды құрметтеген, қастерлеген, сыйлаған түрде, олардың ақысын сақтауға бұйырады. Ахмад өзінің «Муснад», кітабында былай деді: Бізге һарун айтты: бізге ибн Уәһб айтты: маған Малик ибн аль-Хойр аз-Зияди, Әбу Қобил аль-Мағафириден, ол Убада ибн ас-Сомиттен, пайғамбарымыздың ﷺ былай дегенін жеткізді: **«Үлкенге құрмет, кішіге мейірім көрсетпеген және ғалымдардың ақысын білмеген, менің үмметімнен емес».**

Бір күні Ибн Аббас Зейд ибн Сәбиттің мініп келе жатқан түйесінің жүгенінен ұстайды. Сонда Зейд оған: *«Алла елшісінің көкесінің баласы боп тұрып, менің жүгенімді алып жүресің бе?»*, - дейді. Ал Ибн Аббас оған: *«Расында біз ғалымдарымызбен осылай қарым-қатынас жасаймыз»*, - деді.

Тіпті Ибн Хазм ғалымдарды құрметтеуге ижмағ¹ бар екенін жеткізген.

Сәләфтардың ахуалдарынан хабардар, ақылды кісі, ғұламаларды құрметтейтін олардың мақтаулы амалдарының куәсі болады. Пайғамбарымыздың ﷺ сахабалары, оның алдында отырған кезде, құтты бір бастарында құс отырғандай орнынан тапжылмай отыратын.

Мухаммад ибн Сирин айтты: *«Мен Абдуррохман ибн Әбу Ләйләні, оның еруші шәкірттері, оны құтты бір патшадай ұлықтап, жоғарыға көтеріп, құрметтегенін көрдім»*.

Яхья аль-Мұсыили айтты: *«Мен Анас ибн Мәликті бірнеше рет көргенмін, сонда оны әрдайым шәкірттері құрметтеп, ұлықтаған күйде көретінмін. Ал егер де оның алдында біреу дауысын жоғары көтеріп сөйлесе, шәкірттері оны қатаң тиятын еді»*.

Білім талап етушіге осы бапқа кіретін, ұстазының алдында сақтау керек болған әдептер, олар: Оның алдында кішіпейілді болу, оған қарай тырысу, оның алдында жалтақтап жан-жаққа алаңдамау, онымен сөйлескенде әдеп сақтау, егер де ол турасында сөйлесе, шектен шықпаған түрде, керсінше өзінің дәрежесіне лайықты түрде оны ұлықтау. Оны мақтаймын деп даттап алмауы үшін. Үйреткен ілімдері үшін рахмет айтып, оған дұға қылсын. Оған мұқтажсыздықты ешқашанда көрсетпесін. Сөзбен немесе іспен зиян келтірмесін. Егер де одан бір ағаттық кететін болса, оған ескертуде сыпайылық танытсын.

Осыған сәйкес, ұстаз жағынан қателік кеткен кезде сақтау керек болған әдептерді айтып кетейік. Олар алтау:

Біріншісі: Одан қателіктің кеткенін анық білу.

¹ Ғалымдардың бір ауыздан келісуі.

Екіншісі: Оның қате екенін анық білу. Бұл іс – ілімді толық меңгерген ғалымдардың лауазымы боп саналады. Олар соны осындай ғалымдардан анықтап сұрап білуі тиіс.

Үшіншісі: Сол қатесінде оған еруді тастау.

Төртіншісі: Оған оның қатесінде рұқсат етілген түрде үзір іздеу.

Бесіншісі: Оған жасырын әрі сыпайы түрде насихат айту, жариялап және дәрекі түрде емес.

Алтыншысы: Оның қадір-қасиетін сақтап, мұсылмандардың жүрегіндегі оған деген құрметін кетірмеу.

Және де сондай ғалымдарға құрмет мақсатында жасалатын, бірақ одан тиым салынған амалдар да бар. Олар сыртқы сипаты құрмет, бірақ соны төмендету, кемсіту болатын амалдар. Оның мысалы: ғалымның айналасына топырласып жиналып оны қысушылыққа, қиыншылыққа қалдыру. Сенімді мухаддис Хушәим ибн Башір аль-Уәситый солай өлген болатын. Оның хадис үйренуші шәкірттері, айналасына толып, тығылысып, ақырында ол есегінен құлап, соның себебінен қайтыс болған болатын.



Он бесінші негіз.

Көмескі мәселелерді білім иелеріне қайтару.

Ілімді шынайы ұлықтаған кісі, анық емес түсініксіз мәселелерді, білім жолында үлкен тәжірибеге, терең түсінікке ие болған білім иелеріне қайтарады. Алланың атынан білімсіз сөйлеуден, дінге жала жабудан қорқып, сондай өзінің шамасы жетпейтін мәселелермен өзін жүктемейді. Өйткені ол патшаның қаталдығынан бұрын Рохманның ашуынан қорқады. Расында ғалымдар сөйлесе іліммен сөйлейді, үндемесе терең данагөйлікпен үндемейді. Бұлдыр мәселелерде олар сөйлеген болса, онда сенде солардың сөзін сөйле, ал егер ол турасында үндемеген болса, онда олардың істей алған амалдарын сен де орындай біл.

Сол бұлдыр мәселелердің ең ауыры ол қазір орын алып жатқан фитналар мен бертін келе уақыттың өтуімен көбейіп, басымызға түскен жағдайлар. Адамдар бұл мәселеде екі шет және орта болып бөлінеді.

Бір шеті, қиын мәселелерде ғалымдармен кеңесуден бет бұрып, өздерінің нәпсілері мен ой-пікірлеріне ерген адамдар. Ол пікірлерді олар толқындай бұлқынған хутбашылар мен ақындардың жұмсақ әрі нәзік сөздерінен, саясаткерлердің талдаулары мен екіжүзділердің өтірік таратқан әңгімелерінен алады.

Енді бір шеті, ғалымдардан кеңес сұрап мәселелерімен келеді, бірақ олардың жауаптарын қабылдамайды, сөздеріне риза болмайды. Құтты бір олардан өздерінің нәпсілеріне жағатын жауап күткендей секілді, ал оны таппай қойған кезде, олардан бет бұрады.

Ал осындай фитналардың отынан, апаттардың ыстығынан аман қалғандар, олар ғалымдарға асығып тұратындар, кейін олардың сөздерімен жүретіндер. Егер олардың кейбір сөздері оларға түсініксіз болса, ғалымдар турасында жақсы ойда болады. Өзінің сөзін тастап, ғалымдардың сөзін алады. Ғалымдар, міне солар нағыз үлкен тәжірибе иелері болуға лайықты жандар. Ал егер де ғалымдардың сөздері бір-біріне қарама-қайшы кеп қалса, онда тыныштық пен аманшылықты алға тартып, көпшілігі мен дәрежелі ғалымдардың сөзін алады. Өйткені аманшылыққа еш нәрсе тең емес.

«Муртақо аль-Усуль» кітабында айтқан, Ибн Асымның сөзі нендей керемет еді:

Бұлдыр болған мәселеде уәжіп бізге,

Ғалымдарға жақсы ойлау әр-бір кезде.

Осындай бұлдыр мәселелерден болатын нәрселер, олар ғалымдардың қателіктерін және бидғат иелері мен қарсы келгендердің сөздерін қайтару. Расында, Шатыйби өзінің «Муафақот», кітабында, ал Ибн Роджап «Жамиғуль-улум уаль-хикам», кітабында айтқандай, ондай мәселелерде тек қана ілімді толық меңгерген ғалымдар ғана сөйлейді. Егер де бұл мәселенің есігіне тәжірибесіз жас ұрпақпен топ-топ адамдар кіретін болса, сол кезде бәле-жала мен фитна басталады. Оның көрінісі біздің заманымызда орын алып жатқандай, көптеген фитналар

ғалымдардың қателіктеріне, шарифатқа қарсы келген сөздерде жас буынның араласып, қарсы шыққан кезінде көбейіп кетті.

Бұл жағдайдағы аман әрі тура жол – ол бұлдыр мәселелерді білімді толық меңгерген ғалымдарға қайтару.



Он алтыншы негіз.

Білім орындарын құрметтеу және білім ыдыстарын қадірлеу.

Ғалымдардың мәжілістері пайғамбарлардың мәжілістері секілді.

Сәһл ибн Абдулла айтады: *«Кім пайғамбарлардың мәжілістерін көруді қаласа, ғұламалардың мәжілістеріне қарасын. Біреу келіп ғалымға: “Иә пәленше, бір адам өз әйеліне осылай-осылай ант етті. Ол турасында не айтасыз?”, - деп сұрайды. Ғалым: “Әйелі талақ болды”, - деп жауап береді. Басқасы келіп: “Иә пәленше, бір адам өз әйеліне осылай-осылай ант етті. Ол турасында не айтасыз?”, - деп сұрайды. Ал ғалым: “Бұл сөзімен антты бұзған болып есептелмейді”, - деп жауап береді. Бұл нәрсе тек қана пайғамбарлар мен ғалымдардың қолынан келеді. Сондықтан да, олардың қадірін біліңдер».*

Мәлик ибн Әнас айтты: *«Расында ғұламалардың мәжілістері, тыныштықпен, байсалдылықпен және момындықпен қоршалады»*

Мәлик егер бір хадис айтқысы келсе, алдымен тахарат алып, сонсоң өзінің төсенішіне отырып, сақалын тарап отырысында тыныштық әрі салмақты күйге енетін, содан кейін ғана хадисін айтатын.

Абдурахман ибн Махдидің мәжілісінде, ешкім сөйлемейтін, қалам ұшталмайтын және ешкім күлімдемейтін.

Ал Уакиғ ибн аль-Жаррохтың мәжілісінде, шәкірттері құтты бір намазда тұрғандай отыратын.

Сол себепті де білім талап етушіге, ілім мәжілістерінің ақысын білу міндет болады. Ілім мәжілістерінде әдеппен отырып, ұстаздың сөзін, оған назар салып тыңдайды және ол кісіден қажетсіз бет бұрып, кездейсоқ шуыл-гуілдерге алаңдамайды. Аяқ-қолын шұқып, ұстазының алдында қолына немесе басқаша түрде сүйеніп отырмайды. Оның мәжілісінде көп қимылдап қажетсіз жөткірініп қақырынып отырмайды. Көршісімен сөйлеспейді, егер түшкіргісі келсе дауысын бәсеңдетеді ал егер есінегісі келсе, барынша қайтаруға тырысып, күші келмесе, аузын қолымен жабады.

Және де ілім мәжілістеріне деген құрметтің ішіне, ілімнің ыдысына, яғни ілім сақталатын барлық нәрсеге деген құрметте қосылады. Ал олардың тірегі – кітаптар. Сондықтан да білім талап етушіге кітаптарына мұқият болғаны жөн. Оны сақтап, қорғап құрметтегені дұрыс. Оны заттарын салатын бір сандық қылмау керек, немесе керней етпеу керек. Егер де орнына қойса, жұмсақтықпен әрі ұқыптылықпен қою керек.

Бір күні Исхақ ибн Рохауя қолындағы кітабын лақтырып жібереді. Оны Әбу Абдулла Ахмад ибн Ханбал көріп қалады да, ашуланып оған былай дейді: *«Қадірлі кісілердің сөздерімен осылай жасауға болады ма?!»*.

Кітапқа сүйеніп отырмайды немесе аяқ асты етпейді. Ал егер де ұстазға оқығысы келсе, оны жерден көтеріп, қолымен ұстап отырады.



Он жетінші негіз.

Білімді қорғау және оның ыдысынан қуу.

Расында білімнің айналасына барлық оған лайықты болмайтын нәрселерден қорғайтындай оның құрметі шексіз.

Осындай қорғау, білім иелерінің арасында өз көріністерін табады. Олардың ішінен:

- Қарсы келгендерді қайтару. Яғни, кімде-кімнің сөзі шарифатқа қарсы екені анықталса, дінді қорғау және мұсылмандарға насихат

мақсатында, кім болса да оған қайтарылады. Имам Ахмад айтқан болатын: *«Адамдар бір-бірін қайтаруын әлі күнге дейін тоқтатқан емес»*. Дегенмен ол іске таңдалғандар олар ғұламалар, қарапайым халық емес. Зұлым келтірмей әділетсіздік жасамай, әдеп сақтаған күйде жеткізеді.

- Бидағат иесін тастап қою. Әбу Иағла аль-Фарро, бұл мәселені идждағ деген. Ілім бидағат иесінен алынбайды. Бірақ, мухаддистердің кейбір риуаяттарында келгендей, егер де оған қатты мұқтаждық болса, рұқсат етілген. Бұл турасында, Шейхуль-Ислам ибн Теймия адамдар надандық және фитна кезінде, қатты мұқтаждық туындағаны себепті, бұл үлкен негізді, шешім шығарған күйде былай деп айтқан болатын: *«Кейбір білім, жихад немесе т.б. парыз болған амалдарды, бидағат иелерінсіз орындау мүмкін болмаса, және олардың бидағаттары сол парыздарды тастап қоядан қарағанда әлсіз болса, онда сол жақсылыққа, қайтарылған нәрсе арқылы жету, қарама-қайшысынан гөрі абзал болады»*.

- Білім талап етушіні тыю. Егер ол өзінің зерттеуінде шектен шықса, немесе одан бір араздық әрі әдепсіздік туындаса. Абдуррохман ибн Махди, егер де оның мәжілісінде біреу-міреу сөйлесе немесе қалам ұшталса, дауысын көтеріп, аяқ-киімін киіп, бөлмесіне кіріп кететін еді.

Және Уакиғ өзінің шәкірттерінен ұнамсыз нәрсе көрсе, аяқ-киімін киіп бөлмесіне кіріп кететін.

Және бұл амалмен ұстаздарымыздың ұстазы болған Мухаммад ибн Иброхим қаншама рет көзге түсті. Қанша рет ол кетіп қалған күйде көрінді. Егер бір білім талап етушінің бос сөйлеп отырғанын көрсе сандалын алып шығып кетуші еді.

Бір күні жас бала Суфян ас-Сауридің мәжілісіне келді де басшылық танытып, сөйлеп, тәкәппарлық таныта бастады. Суфян оған ашуланып былай деді: *«Сәләфтар бұндай болмаған еді. Сәләфтар бұндай болмаған еді. Ешқайсысы өзіне имамдықты бекітпейтін. Ешқайсысы мәжілістің төріне, ілімді отыз жыл талап етпейінше шықпайтын. Әлде сен өзіңнен жасы үлкенге тәкәппарлық танытып отырсың ба? Тұр! Бұдан былай сені өз мәжілісімнен көрмейтін болайын!»*.

Және осылай да айтатын: *«Егер сен жас жігіттің ғалымдардың алдында сөйлеп отырғанын көрсең, ол тіпті білімнен біршама деңгейге жеткен болса да, оның жақсылығынан үмітіңді үз! Өйткені оның ұяты аз».*

Егер де мұғалім шәкіртін тыйу себепті, оның өз мәжілісінен шыққанын қаласа, шықсын. Суфьян жасағандай немесе Шуғба өз дәрісінде Аффан ибн Муслимге жасағандай.

Расында оқушы ұстаздың қабылдамауы мен жауап бермеуі себепті тыйылады. Ағмаш айтқан болатын: *«Үнсіздік - ол жауап».*

Біз бұндайды көпшілік ғалымдардан көрген болатынбыз. Олардың ішінде, ғұлама ибн Баз бар. Сұрақ қоюшы пайдасы жоқ нәрсені сұрауы мүмкін, ал ол болса, сұрақты жауапсыз қалдырып, сұрақтарды оқушыға әрі қарай жалғастыруын өтінетін немесе ниетіне қарама-қайшы жауап беретін.



Он сегізінші негіз.

Ғалымға сұрақ қойғанда сақ болу.

Арандататын мәселелерден қашу және ғалымға деген құрмет мақсатында. Өйткені кейде мақсаты арандату, фитна туындату және жамандықты тарату негізінде қойылатын сұрақтар болады. Жоғарыда шәкіртті тоқтату мәселесі турасында айтып кеткеніміздей, кімде-кімнен ғалымдар осындай мәселелерді байқаса, онда олардан өзіне ұнамсыз нәрсені кездестіреді. Міндетті түрде ғалымға сұрақ қойғанда сақ болу қажет. Және ол жолда ешкім жетістікке жетпейді егер осы төрт асылды жасамаса:

Біріншісі: Неге ол сұрақты қойып жатырғаны турасында ойлану. Сұрағандағы ниеті, үйрену мен түсіну болуы керек, қырсықтық пен мазақ қылу емес. Расында кімде-кімнің сұрақ қойғандағы ниеті жаман болса, ілімнің берекеті мен пайдасынан құр қалады.

Сондай адамдар бар, сұрақ қойғанда өзінің қалағанына жетуді көздеген ішкі мақсаты болады. Егер де ғалым ол ниетін байқамай оған

қалаған жауабын берсе, қуанып соны таратады. Ал егер де ол ғалым ниетін байқап қалса, онда оның ниеті мен өзінің арасына бөгет қойып, оны адасушылығынан тыйады.

Қорофи өзінің «Ихкам», атты кітабында айтады: *«Бірде мен Каурда неке қию турасында сұралдым, болады ма әлде жоқ па?» - деп. Мен бірден күмәнданып оған: «Сұрағыңды анықтап айтпайынша жауап бермеймін» - дедім. Өйткені барлығы Каурда неке қиюға болатынын біледі. Олар маған анықтап айтқанға дейін сол бетімнен қайтпадым. Сонда ол: «Біз некемізді Каурдың сыртында қиымыз келген, бірақ бізге тиым салды; өйткені ол «тахлил» деген тиым салынған некенің түрі болатын, ал енді Каурге келдік» - деді. Мен оларға: «Жоқ, Каурдің ішінде де сыртында да болмайды»- дедім».*

Осыған ұқсас жағдай Абуль-аббас ибн Таимияның имансыздар турасында болған пәтуасына байланысты орын алған болатын. Оны оның тақуалы шәкірті, ибн аль-Қоим «Иғламуль-Муаққиғин», атты кітабында айтып кеткен еді: *«Бір сұрақ бірнеше рет әр түрлі суретте, алдыңғысынан өзгертілген күйде қойылды. Ал ол болса: «Жоқ, болмайды» - деп жауап беретін еді. Ақырында ол былай деп жауап берді: «Ол жеке мәселе, тіпті ол әр-түрлі қалыпта қойылса да».*

Екінші асыл: Қоятын сұрақты анық түсіну, пайдасы жоқ нәрселерді сұрауыңа болмайды. Бұл жерде өзіңнің хәліңе қарап немесе қойылатын мәселеге қарап тиым салынбақ.

Жас жігіт Ахмад ибн Ханбалдан Йәжүж бен Мәжүждер турасында, *«Олар мұсылмандар ма?» - деп сұрақ қойған болатын, Ал ол болса: «Ол турасында сұрайтындай ілімді, толықтай меңгеріп алып па едің?» - деп жауап берген екен.*

Және де осыған ұқсайтын орынсыз немесе екінің біріне айтыла бермейтін керсінше кейбір қауымдар ғана түсінетін мәселелер турасындағы сұрақтар.

Үшінші асыл: Ғалымның жауап беруге мүмкін болатындай, жағдайының жақсылығына мән беру. Ол жауап бере алмайтындай жағдайда сұрақ қоймауың керек. Қобалжып бірдеңені уайымдап отырған кезде немесе басқа нәрсені ойланып отырған кезде немесе жолда кетіп

бара жатқанда әлде көлігіне отырып жатқан кезде сұрақ қоймай, керсінше ол үшін қолайлы уақытты күтуің қажет.

Қотада айтты: Абу ат-Туфайлге сұрақ қойған едім. Ол маған: *«Расында әр сөздің өз орны бар»* - деп жауап берген болатын.

Бір жігіт Ибн Мубароктен, ол жолда жүріп келе жатқанда сұрақ қойған еді. Ол: *«Бұның, білімге деген құрметке жатпайды»* - деді.

Және де Абдуррохман ибн әби Ләйлә жол үстінде сұрақ қойылғанды ұнатпаушы еді.

Төртінші асыл: Сұрақ қоюшының сұрау сипатына, аса мән беруі. Жақсы, әдеп сақтаған күйде, сұрағын қоймай тұрып, ғалымға дұға жасап оған деген сөйлемінде құрмет сөздерін пайдаланады. Онымен, базар жұртының немесе қарапайым халықтың арасындағы сөздермен сөйлеспеуі қажет.

Жағфар ибн әби Осман айтты: Яхья ибн Мағиндікінде болған едік. Бір жігіт асыққан күйде келді де былай деді: *«Иә Әбу Закария маған, сонымен сені еске алатындай бірдеңе айтшы»* - деді. Ол: *«Мені, менен бірдеңе айтуымды сұрап, ал мен болсам, оны істемей қойған күйде есіңе ал»* - деген екен.

Егер де қазіргі таңда, ілім иелеріне қойылатын сұрақтарды ойланатын болсаң, еш сақтықсыз және әдепсіздікпен қойылатынын байқайсың. Мазак қып немесе төмендету ниетімен сұрағандарды көресің. Болмайтын немесе болса да пайда бермейтін нәрселерді сұрайды. Сұрақ қою үшін қолайлы уақытты таңдамайды. Өзінің сұрақтарын қойғанда, жұмсақтық танытпайды. Сұрақтары – нағыз фитналардың кілті, сынап-мінеудің себебі. Істері осы болғандар, құрысын!

Сөздері осы болғандар, Зейд ибн Әсламның мына сөзіне өте мұқтаж. Оған бір жігіт кеп сұрақ қойған болатын. Сұрағын анық қоймай, быт-шыт еткен болатын. Сонда Зейд оған: *«Бар, сұрақты қалай қою керек екенін үйрен де, сосын кеп сұрағыңды қой!»*, - деді.

Біздің заманымызда, осындай Зейд ибн Әсламның сөзіне мұқтаждар, қаншама!



Он тоғызыншы негіз.

Білімге деген махаббаттың, жүректі толық қоршап, оны басып кетуі.

Оны талап етудегі шыншылдық, махаббатты және оған деген жүректің байланысын қажет етеді. Ең үлкен ләззаты, оны талап етуде болмаса, ешкім ілімнің дәрежелеріне жетпейді.

Ибн аль-Қоим «Мифтаху дарис-сағада», атты кітабында айтады: *«Кімде-кімнің білім талап етуге деген құмарлығы денесінің, нәпсісінің құмарлығынан асып түспесе, ілімнің дәрежесіне ешқашанда жетпейді».*

Расында білімнің ләззатына үш нәрсемен жетуге болады. Оны Әбу Абдулла ибн аль-Қоим жоғарыда келтіріп кеткен кітабында айтады:

Біріншісі: Маңдай терінді төгіп, күш жұмсау.

Екіншісі: Талап етудегі шыншылдық.

Үшіншісі: Ниет пен ықыластың дұрыс болуы.

Жүректегі алаңдататын нәрселердің барлығын кетірмейін ше, бұл үшеуі толық болмайды.

Кімде-кім сәләфтарда болған осы ләззаттың дәмін сезсе таңғажайыпты көреді. Солардың біреуінің сөзі:

Ләззатым жоқ, хадис риуаятынан басқа.

Ділмарлықпен әр-бір сөзі құралған.

Тыныштық орын алған мәжілістер,

Қайталауым ілімді хафиздармен нұралған.

Расында ілімнің ләззаты, көптеген нәпсілер еліктейтін, сол үшін шексіз мал-мүліктер жұмсалатын, сол үшін қан төгілетін билік пен басшылықтың, сұлтан болудың ләззатынан әлдеқайда жоғары.

Түндердің бір түнінде, Әбу Жағфар ан-Насафи басқа түскен бәленің қысымшылығынан, жағдайдың жамандығынан, бала-шағаның көпшілігінен уайымға түсіп отырған еді. Сол кезде ойына өз мазһаб¹

¹ ол Ханафи мазһабын ұстанушылардан еді.

тармақтарының бір мәселесі келіп, уайымы су сепкендей басылып, қуанышқа бөленеді. Орнынан атып тұрып билеп былай дейді: *«Қайда патшалар және олардың балалары?! Қайда патшалар және олардың балалары?!»*.

Талап еткен ілімімнің, мәселесін ойласам

Жер мүлікі мен оған жетер әрекеттің,

Көремін мен пақырлығын әрқашан.

Мақсат еткен мұратыма жетемін мен әр-дайым

Жәбірліксіз, әскерсіз, бірақ ілім кітабымен самғасам.

Осы себептен де патшалар ілімнің ләззатын сезінуді қатты қалап, оның жоқтығын сезініп, оған жетуді талап ететін.

Билігі батыс пен шығыстың арасын алып жатқан, аты шулы Аббасилерден болған патша Әбу Жағфарға: *«Сен татпаған осы дүниенің бір ләззаты қалдыма?»* - деп, сұрақ қойылған екен. Сонда ол, тағында отырып: *«Бір қасиет қалды: сәл көтеріңкі тастың үстіне отырсам, айналам толған хадис иелері болса. Хадис көшіруші: «Кімді айттыңыз? Алла сізді мейіріміне алсын», - деп отырса»* - деп жауап беріпті. Яғни ол: *«Пәленше бізге хабарлады»* дейді, сонсоң ол: *«Пәленше бізге хабарлады»* дейді. Сөйтіп хадистердің тізбегін келтіреді.

Үлкен патшаның осындай ілімнің ләззатына, оған жетуді талап етуіне қалай мұқтаж екенін, оған қалай аш екенін қараңызшы!

Қашан жүрек ілімнің ләззатымен өмір сүрсе, барлық әдеттердің ләззаты кетіп, адам оларды ұмытады. Надр ибн Шумейл айтады: *«Адам ілімнің ләззатын қарны ашып, аштығын ұмытып кетпейінше сезбейді»*.

Тіпті ауру-қайғылардың барлығы, бұл ләззатпен ләззатқа айналып кетеді.

Мұхамед ибн Һарун айтады:

Күні бойы жанымда бола-тұғын көк сиям,

Сүйкімдірек маған жақсы адал достан.

Оратылған қағаздарым үйімдегі,

Сүйкімдірек мен үшін бір тең ұннан.

Шапалағы ұстазымның бетке тиген,

Сүйкімдірек маған тәтті сусыннан.

Таң қалма! Бұл жағдай, тек қана білімге деген ғашықтық. Ибн аль-Қоим «Роудатуль-мухиббин», атты кітабында айтады: *«Ал білімге ғашықтар, олардың ғашықтығы барлық ғашықтардың ғашығына деген ғашықтықтарынан ұлы. Олардың көбісін, білімнен ең сұлу келбеттегі адам да алаңдата алмайды».*

Ей, білім талап етуші! Осындай білімге деген ғашықтық қайда?! Жас келіншегінен алар сыбағасын, дәрістерінен алатын сыбағасынан жоғары қоятын адамда, білімге деген ғашықтық қайдан болсын?! Оған әңгімеқой, айлы түннің иелерімен болған мәжіліс, ғалымдар мәжілісінен артық. Жігері елден ел асуға күшейеді, ал ілімнен ілім жеткізуге күші жетпейді. Құс аулауға өзін белсенді күйде табады, ал жақсылық аулауда жалқаулық танытады. Олардың сыбағасы не болмақ?! Жүректері басқа нәрсеге деген махаббатқа толы оларда, білімді ұлықтаудан қандай үлес болсын?!



Жиырманшы негіз.

Білім алуда уақытты сақтау.

Бұл өмірдегі ең ұлы, құрметті іс ол білім алу болса, ал адам ғұмыры тура бір мұз ерігендей, тез өтіп кететін болса, онда бұл жолда, уақытты сақтау және оны бос өткізуден қорқу, нағыз ақылдылық боп есептеледі. Бұл берілген ғұмырдың қиямет күні сұрауы болуы, мені және сені осы уақытымызға аса сақ болуға итермелейді.

Ибн аль-Жаузи «Сойд аль-Хотыр», атты кітабында айтады: *«Адам баласы өз заманымен уақытының қадірін білуі тиіс. Уақытының бір сәтінде, Аллаға жақындатпайтын нәрсемен өткізбеуі тиіс. Әр уақытын тек ең абзал іспен немесе сөзбен өткізуі тиіс».*

Бұл мәселеде ғалымдардың уақыттарына деген сақтықтары өте ұлы. Тіпті Мұхамед ибн абдул-Бақи аль-Баззáz айтқан екен: *«Өмірімнің бір сағатында бос нәрсемен немесе ойынмен өткізген емеспін».*

Сегіз жүз томнан тұратын, «аль-Фунун», атты кітапты жазған, Әбу аль-Уафá ибн аль-Уқоил айтты: *«Маған зұмырымның бір сағатын да текке жоғалтуға болмайды».*

Олардың уақытқа деген сақтықтары соншалықты, тіпті тамақтанып жатқан уақытында да оларға шәкірттері оқитын дәрежеге жеткен болатын. Жиырма сегіз жасында қайтыс болған, Ахмад ибн Сулэйман аль-Бульқосиге шәкірттері қирағаттарды, уақытының бос кетуінен қорыққаннан, ол тамақтанып отырған кезде оқитын. Оның жолдастары оған кітап оқитын, ал ол болса ол кезде тамағын ішіп отыратын.

Тіпті оларға шәкірттері, олар дәретханаға кірген кезде де оқитын. Мажид ибн Тэймия дәретханаға кірген кезде, жанындағы ға: *«Дауысыңды көтеріп, осындай кітаптан оқы»*, - дейтін.

Осындай уақытқа деген сақтық, ол қауымдарда (Алла оларды мейіріміне алсын!) көптеген көрініс табады, сондай көрініс біздің қазіргі дамыған қауымда мүлдем орын алмаған.

Олардың ішінен: Оқитын дәрістерінің көп болуы; Ан-Науауи бір күнде, ғалымдарынан он екі дәріс алатын, «Найлуль-Аутор», атты кітаптың иесі аш-Шауканидің бір күн мен түндегі дәрістерінің саны он үшке жететін. Оның кейбірлерін ғалымдарынан алса, кейбірлерін шәкірттеріне үйрететін.

Олардың бәрінен, «Тафсир»- дің иесі, Махмуд аль-Алуси асып түсті, ол күніне жиырма төрт дәріс беретін. Ал тәпсір мен пәтуа мен шұғылданған кезде дәрістерінің саны он үшке түсті.

Кейін мен Мухаммад ибн әбу Бакр ибн Жамáғаның өмірбаянынан, оның бір түнде елу дәрістері болғанын оқыдым.

Олардың ішінен: Оқуларының көп болуы; Ибн ат-Тәббан «аль-Мудаууана», атты кітапты мың шақты рет оқыған екен. Ал Аббас ибн аль-Фариисидің кейбір кітаптарынан оның: *«Оны мың рет оқыдым»*, - деген сөзін көруге болады.

Ибн Атия атымен танылған, Голиб ибн Абдуррохман, «Сахих аль-Бухари»-ды жеті жүз рет оқыған екен.

Олардың ішінен: Жазуларының көптігі; Ханбал мазһабының ғалымдарының бірі, Ахмад ибн абдуд-Дайм аль-Мақдиси өз қолымен екі мыңға жетер томдар жазған екен, осыған ұқсасын ибн аль-Жаузи де жасаған.

Олардың ішінен: оқығандарының көп болуы; Ибн аль-Жаузи әлі білім талап етіп жүрген кезінде-ақ жиырма мың том оқыған екен.

Олардың ішінен: ғалымдарының көп болуы; Бұл үмметте ғалымдарының саны мыңнан асқандар өте көп, ал ең таң қалдыратыны, Әбу Сағд ас-Самғанидің ұстаздарының саны жеті мың болған дегені. Ибн ан-Нажар «Зайл ат-тарих бағдад», атты кітапта: *«Бұған әлі ешкім жеткен емес»*, - деген екен.

Олардың ішінен: Олардың ұстаздарын көп тыңдап, оларға көптеген ұзақ туындылармен қысқа да бөлімдерді оқуы; Мыңдаған жазбаларға жетеді. Жоғарыда айтып кеткен Ибн Самғани секілді және оның жолдасы Асáкир және т.б.

Олардың ішінен: шығармаларының, жазған кітаптарының көп болуы; Ол қауымдардан мыңдаған кітап жазғандар болды. Оның ішінде, Андалусия елінің ғалымы, Абдуль-Малик ибн Хабиб және Әбу аль-Фарóж ибн аль-Жаузилер бар.

Ей, білім талап етуші! Уақытыңа сақ бол! Расында, уәзір Солих ибн Һубайра сені насихаттауда мынандай бір сөзін жеткізбекші:

Жоғалтам деп қорқатынның,

Лайықтысы уақытың.

Бірақ білем сен үшін,

Жоғалтудың ең жеңілі, уақытың.



Қортынды.

Осымен сөзіміздің соңына келдік. Әрине сөйлемдерімізді қортынды сөзбен тәмамдағанымыз жақсы болады. Иә, білімнен кішкентай да болсын үлес алам деп тырысушы, талап етуші! Иә, үлкен түсінік пен даналықты мұрат етуші! Білім орындарына бет бұрған күйде, осы кітаптағы әр-бір негіздерге бой ұсыныңдар! Міндетті түрде пайдасын тауып, нәтижесін мақтайсыңдар! Ол жолды ұнатпай, немқұрайлық танытудан сақ бол! Расында осы негіздер – ілімнің кілті әрі түсініктің баспалдағы. Осылармен – ілім асылданып жиналады, және пәндер жеңілдеп меңгеріледі.

Жастық-шақтың буынымен шұғылданбай, қолды түріп ыждағатпен ілім алуға кірісіп кет! Әбу Абдулла ибн аль-Қоимнің мына сөзін жаттап алыңдар! Алла сендерді өз мейіріміне алсын! *«Аллаға және Қиямет күніне тырысушы, тіпті барлық ілімге, мансапқа, басшылыққа тырысушы, сол істе басшы боп үлгі болу үшін, батырлық пен өжеттілікке мұқтаж. Күмәні мен сенімсіздігіне үкім етуші болуы керек. Бос армандарының жетегінде кетпеуі тиіс. Өзіне қажетінен басқасының бәрінде тақуалық танытуы тиіс. Өзінің бет бұрғанына гашық болуы керек әрі соған жетер жолды және одан бұрар жолдарды білуі тиіс. Жігерлі батыр, мықты мысты. Сөккеннің сөгуі, жазғырғанның жазғыруы оны жолынан қайтармайды. Салмақты, әрдайым ойлану үстінде болады. Мақтағанның рахатына немесе жамандағанның ауыртпашылығына бұрылмайды. Сол жолға көмектесетін нәрселердің бәріне тұрақты, ал оған қарсы болған нәрселер, оны қорқытпайды. Оның ұраны – сабырлық, ал рахаты – шаршау. Көркем мінез-құлықты сүйші, уақытына сақ. Адамдармен, тек сақтықпен араласады. Тура бір, солардың ішінде дән теріп жүрген құстай. Өз нәпсісіне қорқыныш пен қалаудың ортасында қарайды. Өзінің қатарластарының арасынан жеке мамандығының жақсы нәтижесін үміт етеді, және ол жолда өзінің сезімдерін бір сәтке де бос кетірмейді, ойын бұл фәни дүниедегі бос нәрселерге шашыратпайды. Осы нәрселердің барлығының иесі, ол: әдеттерді тастау және сенімен сенің мақсатыңның арасындағы бөгеттерді кетіру».* Сөзі бітті. Неткен әдемі насихат пен білім сөздер!

Иә Алла, бізге ілімді құрметтеп, ұлықтауды нәсіп ет және біздерді ол жолда тырысып оған жеткендерден қыл! Иә Алла бізге пайдалы ілім беріп пайдасыз ілімнен сақта! Иә Алла, бізге пайдалы ілім беріп, үйреткен нәрселеріңнің бізге пайдасын бер, және біздің ілімімізбен амалымызды арттыр! Иә Алла, өзіңе деген қорқыныштан, бізге Өзің мен күнәлардың арасына тосқауыл болатындай қорқыныш бер, және Жәннатыңа кіргізер бой ұсынушылық бер, және осы дүниенің сынағын жеңілдететін айқын сенім бер! Иә Алла, көзіміз, құлағымыз бен күшіміздің тірі кезімізде, бізге рахатын бер, және оны бізге мұра етіп қой! Иә Алла, бұл дүниені біздің ең басты уайымымыз қылма, іліміміздің шегі қылма, және тозаққа апаратын жолы қылма! Иә Алла, біздің ақымызда Сеннен қорықпайтынды және бізге мейірім етпейтінді бізге басшы қылма!

